



Бекіткен: А.А.
С. Оразалин арының ЖОБЫМ
директоры: А.А.

Келісемін: Нұрлы
Тәрбие ісі орынбасары:
Нұрлыманова Б.Б.

Тәрбие жұмысының жоспары

Класы: 10
Жетекшісі: Алшораз А.С

2022-2023 оқу жылы

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ
2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУДІҢ
БАРЛЫҚ ДЕНГЕЙЛЕРІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КҮНДІЛЫҚТАР ТӘСІЛДЕРІН ҚҰРУ АЯСЫНДА
ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

ТӘЖІРИБЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынтығы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымыда қатысуымен кешенді түрдегі біріккен жұмыс

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынтығы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымыда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жанарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытударына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетугіне онтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сөзімін жаңғыртуда аса мән беріледі.

**2022-2023 оқу жылында С.Оразалин атындағы ЖОББМ
10 сыныптың жетекшісі Алишораз Айгүл Сәбитқызының жүргізген тәрбие
жоспарының талдамасы**

Тәрбие жұмысының мақсаты: Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілді.

Тәрбиенің бағыттары:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани танымдық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша 1 қыркүйек білім күніне орай «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша тілдер күніне орай «Тілім бар да қақағым бар, халқым бар» тақырыбында эссе жазылды.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушылардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдық көрсетуін қалыптастыру, өз отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуі, өз отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Мамандыққа бейімділікті анықтау» тақырыбында оқушылар ой бөлісті. Мамандық тандау оңай емес екенін талқылап ой бөлісті. Адам мамандық тандаудан кателеспеу және алдағы уақытта өз мамандығымен жұмыс жасау керектігін ортаға салып талқылады.



Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Адал өмір сүру абзал қасиет» тақырыбында сынып сағаты өтті. Тақырыпқа сәйкес ой қозғауға оқушыларға адамгершілік туралы сұрақтар, мақал-мәтелдер берілді.

Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Сабыр түбі сары алтын» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Сабырсыздықты еріншектік пен арсыздықтың жаман әдет екендігін айтып кету.

Сабырлы болу, өз-өзін ұстауы адамның бойындағы жақсы қасиеттің бірі деп оқушыларды сабырлылыққа шақыру туралы түсіндіру.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша «Дені сау адам табиғаттың ең үлкен жемісі» тақырыбында кеңес беру сағаты өтті.

Оқушы бойындағы теріс әсерлерге қарсы тұру қабілетін, психикалық, әлеуметтік және рухани қалыптастыру туралы түсінік беру.



Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Имандылық тәрбие негізі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға адамгершілік, ізеттілік, имандылық секілді құндылықтарды бойына сіңіру. Имандылыққа рухани тазалыққа тәрбиелеу.




Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «Қауіпті интернет ойындары» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Соңғы жылдарда желіде жасөспірімдер арасында көптеген қауіпті ойындар пайда болды. Оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік берілді.

16 желтоқсан күніне орай **«Желтоқсан алауы-Тәуелсіздік бастауы»** тақырыбында сынып сағаты өтті.

Оқушыларға Қазақстан туралы, Тәуелсіздік туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, өз елін сүйюге, қадірлеуге үйрету.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Туған өлкем – неткен көркем» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



«Кәсіптік бағдар беру» сынып сағаты өтті.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



«Қазақ отбасының дәстүрлері» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қазақ халқы ата-бабадан қалған әдет-ғұрыптарды қастерлейді. Әр отбасында өзінің дәстүрлері болады. Мысалы: үлкенді төрге отырғызу, қонақтардың алдына жаңа ыдыс қою, ұлттық тағамдар жасау, үлкенді сыйлау.



«Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» наурыз мерекесіне орай тәрбие сағаты өтті.
Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесін тойлау туралы, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы туралы
ұғындыру.



9 мамыр Жеңіс күніне орай «Бейбітшілік болсын болашақ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

